



■ АУДАН ТЫНЫСЫ



Сайлау күні аудан тұрғындарының белсенділігі ерекше байқалды. Дауыс беруге келген азаматтардың қатарында отбасымен бірге келгендер, 18 жасқа толып алғаш рет дауыс берген жастар және әскери қызметшілер мен сарбаздар да белсенді қатысты. Ақтау қаласынан келген блогер, белсенді жас Ерсайын Бугабаев дауыс беру учаскесіне ұлттық киіммен келіп, көпшілік назарын аударды.

Аудан халқы саяси белсенділіктерін танытып, еліміздің болашағына деген саяси көзқарастарының шынайылығын көрсете алды.

Сайлауға спортшылар, қоғам белсенділері бір кісідей атсалысты. Олардың арасында аудан спортының мақтанышы – паратаеквондодан ҚР чемпионаты және кубогінің иегері, Азия чемпионы және «Жеңіл атлетикадан» қысқа қашықтыққа жүгіруден ҚР чемпионатының бірнеше дүркін чемпионы Асхат Юсупов та өз таңдауларын жасады. Ардагер спортшы Қаныбек Жаманбаев бүгінгі саяси таңдаудың ел болашағы мен ұлттың

ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ ЖАСАЛДЫ

Таңғы сағат 7:00-де барлық сайлау учаскелері өз жұмысын бастап, аудан тұрғындары өздеріне тиесілі учаскелерге келіп, ел болашағына қатысты маңызды мәселеде таңдау жасады.

Аудан бойынша тіркелген барлығы 39395 сайлаушы 30 сайлау учаскесінде дауыс беріп, азаматтық құқықтарын пайдаланды. Учаскелерде дауыс беру процесі заң талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік шаралары толық қамтамасыз етілді.

Сайлау учаскелеріне алғаш келген дауыс берушілерге естелік сыйлықтар табысталды. Бұл шара тұрғындардың белсенділігін арттырып, маңызды саяси науқанға қатысуға



ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды.

Сонымен бірге сайлау күні тұрғандардың белсенділігін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылып, аудан елді мекендерінде азық-түлік жәрмеңкелері өтіп, онда жергілікті кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының қатысуымен әлеуметтік маңызы бар өнімдер ауыл тұрғындарына қолжетімді бағада ұсынылды. Сондай-ақ түрлі жастағы тұрғындар арасында жарыстар мен бұқаралық спорттық шаралар өтті.

Бейнеу ауданынан Боранкүл, Есет, Сарға, Төлеп, Тұрыш, Сам, Сыңғырлау, Ақжігіт және Тәжен ауылдарына қатынайтын тегін қоғамдық көлік ұйымдастырылып, аудан тұрғындарының сайлау учаскелеріне кедергісіз барып, өз таңдауын жасауына қолайлы жағдай жасалды.



ЕЛІМІЗДЕ ӨТКЕН ЖАҢА БІР ПАЛАТАЛЫ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫ ОРГАН – ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ.



тұтастығына қызмет етер маңызды сайлау екендігін айтты.

Сонымен қатар ауданымыздың жасы үлкен қариялары да белсенділік танытты. Бейнеу ауылының ғасыр жасаған тұрғыны Сырға Қалиеваға сайлау учаскесінің комиссия мүшелері үйіне арнайы барып, азаматтық таңдауын жасауына жағдай жасады. Ғасырдан астам ғұмыр кешкен кейуананың ел

өміріндегі маңызды қоғамдық шараға қатысуы – кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Сайлауға «Әділет» партиясы, «Ауыл» партиясы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, Қазақстан Халық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия, Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы және «Respublica» атты жеті саяси партия қатысты.

Құрылтай сайлауы Қазақстанның саяси тарихындағы жаңа кезеңнің басталғанын көрсетті. Жеті партия арасындағы саяси бәсеке аяқталып, халық өз таңдауын жасады. Енді басты назар – сайланған депутаттардың ел сенімін қаншалықты ақтайтындығында.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА САНАУЛЫ КҮНДЕР ҚАЛДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ АУДАН ӘКІМІ РАХЫМЖАН ШАЛБАЕВ БЕЙНЕУ АУЫЛЫНДАҒЫ БІРҚАТАР БІЛІМ БЕРУ НЫСАНДАРЫНЫҢ ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҒЫН ТЕКСЕРДІ.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІРЛІК



Аудан басшысы Ыбырай Алтынсарин, Жұмағали Қалдығараев және Абай атындағы мектептермен қатар, Бейнеу гимназиясы мен Бейнеу лицейінің қазіргі жай-күйімен танысты. Жұмыс барысында білім беру нысандарында жүргізіліп жатқан ішкі жұмыстардың барысы, оқу кабинеттерінің, дәліздер мен ортақ пайдаланылатын аумақтардың әзірлігі назарға алынды.

Мектептердегі жөндеу және дайындау жұмыстарының сапасы мен белгіленген мерзімде аяқталуы – басты талап. Осыған байланысты аудан әкімі жауапты мамандарға қалған жұмыстарды созылғанға салмай, 18 тамызға дейін толық әрі сапалы аяқтауды тапсырды.

– Мектеп – балалардың білім алып, тәрбиеленетін негізгі ортасы. Жаңа оқу жылында оқушылар мектепке келген кезде барлық жағдай жасалған, ғимарат іші таза, жинақы әрі балаларға қолайлы болуы керек. Әрбір кабинет, дәліз және ортақ пайдаланылатын орындар талапқа сай дайындалуы қажет. Сондықтан

қалған жұмыстарды белгіленген мерзімде сапалы аяқтауды тапсырамын, – деді аудан әкімі Рахымжан Ысқақұлы. Сонымен қатар, мектептерді жаңа оқу жылына дайындау барысында санитарлық тазалыққа, қауіпсіздік талаптарының сақталуына және атқарылған жұмыстардың сапасына ерекше мән беру қажеттігі айтылды.

Білім беру нысандарының талапқа сай әзір болуы – оқушылардың қауіпсіздігі мен жайлы білім алуына тікелей әсер ететін маңызды мәселе. Сондықтан алдағы күндері мектептердегі жұмыстардың сапалы аяқталуы аудан басшылығының бақылауында болмақ.

САПАҒА – ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ

АУДАНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ МЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ МОНИТОРИНГ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҒИМАРАТЫНДА «БЕЙНЕУ АУДАНЫ ІШКІ САЯСАТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУЫ» БӨЛІМІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘЛЕУМЕТТІК ТАПСЫРЫСЫ АЯСЫНДА ФОКУС-ТОП МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ.

Жиынның басты мақсаты – аудан әкімдігіне қарасты мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты ұйымдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу, қызмет алушылардың қанағаттану деңгейін анықтау және осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіруге ұсыныстар әзірлеу.

Қоғамдық мониторинг барысында азаматтарға көрсетілетін бірқатар мемлекеттік қызмет түрінің сапасы мен қолжетімділігіне назар аударылмақ. Атап айтқанда, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу, тұрғын үй көмегін тағайындау, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі көмекетке толған адамдарға қорғаншылық немесе қамқоршылық белгілеу, кент және ауылдық жерлерден жер учаскесін беру, сондай-ақ тұрғын үй сертификаттарын беру қызметтері мониторингке алынбақ.

Кездесу барысында «Жайдарлы» үкіметтік емес жекеменшік ұйымының директоры Нәбия Айлашова қоғамдық мониторингтің негізгі бағыттары мен жүргізілу тәртібін түсіндірді. Сонымен қатар мониторинг жүргізілетін орындар, қолданылатын әдістер және қатысушылардың міндеттері жөнінде жан-жақты ақпарат берілді.

Мемлекеттік қызмет сапасын бағалау барысында азаматтардың пікіріне ерекше мән берілмек. Өйткені қызметтің сапасы – ең алдымен оны алушының қажеттілігі мен қанағаттану деңгейі арқылы бағаланады.

Дөңгелек үстел соңында қатысушылар мемлекеттік қызмет көрсету үдерісін жетілдіру, азаматтарға барынша қолайлы жағдай жасау, қызмет көрсету сапасы мен ашықтығын арттыру жөнінде өз ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Материалдарды дайындаған Үміт ҚАЗДАЕВА, Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.





■ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Мемлекеттік қызмет сапасын арттыру — БАСТЫ МІНДЕТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН
АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК
САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізінде азаматтарға бағытталған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Қазіргі әлемдік практикада мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделі айтарлықтай белсенді дамуда.

Мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделінің негізінде бір жағынан, ел азаматтарының, екінші жағынан, мемлекеттік қызметтің өзара міндет-темелерін бекітетін нормалар қамтылады.

Осы бағытта мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру және оларды көрсету тәртібін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Аталған жұмыстар аясында «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін көрсету барысында нормативтік талаптар мен ақпараттық жүйеде көзделген мүмкіндіктер арасында сәйкессіздік анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұйрығымен бекітілген қағидалардың 36-тармағында еңбекші көшіп келушіге берілген рұқсатты кері қайтарып алудың бір ғана негізі көзделген болатын.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қолданылатын «Шетелдік жұмыс күші» ақпараттық жүйесінде рұқсатты кері қайтарып алудың бірнеше негізі қарастырылған. Олардың қатарында уәкілетті органдардың тиісті актісі, жарамсыз құжаттарды ұсыну, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу, еңбек шартының бұзылуы, сот шешімі және басқа да жағдайлар қамтылған.

Яғни, нормативтік құжатта көзделген талаптар мен ақпараттық жүйеде қарастырылған мүмкіндіктердің арасында айырмашылық болған. Мұндай сәйкессіздік мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтық түсініспеушіліктерге, қызмет көрсету тәртібін әртүрлі түсіндіруге және қызмет алушылардың құқықтарын іске асыру барысында қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Осы мәселені шешу мақсатында департамент мемлекеттік



көрсетілетін қызметтерді жетілдіру бойынша тиісті ұсыныс енгізіп, «Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметінің кіші түрі бойынша қағидалар талаптары мен ақпараттық жүйедегі мәліметтерді өзара сәйкестендіру қажеттігін ұсынды.

Аталған ұсыныс қолдау тауып, тиісті өзгерістер енгізілді. Нәтижесінде «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібіндегі нормативтік талаптар ақпараттық жүйеде көзделген мүмкіндіктермен сәйкестендірілді.

Енгізілген өзгерістер, ең алдымен, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдардың жұмысын өзара үйлестіруге және қызмет алушылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нормативтік талаптар мен ақпараттық жүйелердің өзара сәйкестігі мемлекеттік қызмет көрсету процесін барынша түсінікті, ашық әрі бірізді етуге ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтерді жетілдірудің негізгі мақсаты – тек нормативтік талаптарды өзгерту немесе ақпараттық жүйелерді жаңарту ғана емес. Ең бастысы – азаматтар мен өзге де қызмет алушылар үшін мемлекеттік қызметтерді түсінікті, қолжетімді және тиімді ету.

Осы ретте мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы құқықтық нормалар мен цифрлық құралдардың өзара үйлесімді жұмыс істеуі – сапалы мемлекеттік қызмет көрсетудің маңызды негіздерінің бірі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру, құқықтық айқындықты қамтамасыз ету және қызмет алушылардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Токтамыс ЖҰМАҒҰЛОВ,

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы.

АДАЛДЫҚ – БОЛАШАҚТЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ҚОҒАМНЫҢ
ДАМУЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ
ӨРКЕНДЕУІ ТЕК ЭКОНОМИКАЛЫҚ
КӨРСЕТКІШТЕРМЕН ҒАНА ЕМЕС, ЕҢ АЛДЫМЕН
АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘДЕНИЕТІМЕН, АДАЛДЫҒЫ
МЕН ӘДІЛДІК ҚАҒИДАТТАРЫНА
ДЕГЕН БЕРІК ҰСТАНЫМЫМЕН
ӨЛШЕНЕДІ. ЕЛДІҢ
БОЛАШАҒЫ – БҮГІНГІ ЖАС-
ТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА ДЕСЕК,
ОЛАРДЫҢ БОЙЫНА АДАЛДЫҚ,
ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫП-
ТАСТЫРУ – БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ
МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ.

Адалдық – адам бойындағы ең асыл қасиет. Ол сенімнен бастау алып, жауапкершілікпен жалғасады. Адал еңбекті

қадірлейтін, әділ шешім қабылдайтын, заңды құрметтейтін азамат қана қоғамның дамуына шынайы үлес қоса алады. Сондықтан өскелең ұрпақтың бойында осы құндылықтарды қалыптастыру – баршамыздың ортақ парызымыз.

Колледж қабырғасында білім алушы жастардың тек кәсіби маман болып қалыптасуы жеткіліксіз. Олар ең алдымен адамгершілік қасиеттері жоғары, елінің тағдырына бейжай қарамайтын, заңды құрметтейтін, әділдік пен адалдықты өмірлік қағидасына айналдырған тұлға болып қалыптасуы тиіс. Осындай мақсатта оқу орнындағы тәрбие жұмыстарының барлық бағыттары ұлттық құндылықтарды, құқықтық сауаттылықты және академиялық адалдық қағидаларын насихаттауға негізделген.

Тәрбие жұмысы барысында «Адал азамат», «Заң және тәртіп», «Парасаттылық сағаты», «Адал ұрпақ» клубының кездесулері, пікірталастар, құқық қорғау органдары өкілдерімен кездесулер, эссе және бейнәспә байқаулары сияқты түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Мұндай жұмыстар жастардың құқықтық санасын қалыптастырып қана қоймай, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас

жауы» деген. Бұл даналық сөздің мәні бүгінгі күні бұрынғыдан да өзекті. Себебі білім мен тәрбиенің үндестігі ғана елдің ертеңі қалыптастыратын саналы, парасатты азаматтарды тәрбиелейді.

Бүгінгі жас – ертеңгі маман, ертеңгі басшы, ертеңгі ел тізгінін ұстайтын тұлға. Сондықтан олардың бойына адал еңбекке құрмет, әділдікке адалдық, заңға бағыну мәдениетін қалыптастыру – баршамыздың ортақ міндетіміз. Әрбір студент адалдықты өмірлік ұстанымына айналдырса, білім мен еңбекті ғана жетістікке жетудің басты жолы деп білсе, еліміздің болашағы да нұрлы болмақ.

Адалдық – адамды биікке жетелейтін рухани құндылық, ал әділдік – қоғамның беріктігін қамтамасыз ететін басты қағидат. Осы құндылықтарды ұлықтай отырып, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру – өркениетті қоғам құрудың сенімді жолы. Болашақтың еңбексіз жанама жетістікке жетудің басты жолы деп білсе, еліміздің болашағы да нұрлы болмақ.

Айгүл СӘТБЕРГЕНОВА,

Н.Бекбоysын атындағы Маңғыстау энергетикалық колледжі басшысының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

■ ЖАС КӘСІПКЕР

АДАМНЫҢ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУІ ҚОБІНЕ ОНЫҢ БАТЫЛДЫҒЫ МЕН ЕҢБЕГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. ОСЫНДАЙ ТӘУЕКЕЛДЕН ҚОРЫҚПАЙ, ЖАҢА САЛАҒА ҚАДАМ БАСҚАН ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ БІРІ – АЙБАР БАЙТЕМІРОВ. АЛТЫ ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ КӘСІПКЕРЛІКПЕН АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ОЛ БҮГІНДЕ ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТЫП, АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫН САПАЛЫ ӨНІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫР.

КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН

Айбардың айтуынша, өндіріс саласына келу туралы ой көптен бері көкейінде жүрген. Нарықты зерттеп, мүмкіндіктерді саралай келе, құс фермасын ашуды жөн көреді. Бұл бастаманы ол серіктесі Сәрсен Абыковпен бірге жүзеге асырып, өз қаражаттарына кәсіптің іргесін қалайды. Бүгінде фермада мыңға жуық тауық бар. Жоспар бойынша жыл соңына дейін олардың санын екі мыңға жеткізу көзделген.

Қазіргі таңда шаруашылықтың негізгі бағыты – жұмыртқа өндірісі. Алдағы уақытта құс етін өндіруді де қолға алып, өндіріс аясын кеңейту жоспарланған. Қазір тауықтардың шамамен 15 пайызы жұмыртқалай бастаған. Барлығы толық өнім бере бастаған кезде ауыл дүкендеріне табиғи әрі сапалы жұмыртқа жеткізілмек. Бұл – жергілікті нарықты отандық өніммен қамтамасыз етуге жасалған маңызды қадам. Жаңадан басталған кез келген істің өз қиындығы болады. Айбар үшін де құс шаруашылығы – бұрын айналыспаған жаңа бағыт. Соған қарамастан кездескен мәселелердің шешімін тауып, жұмысты жүйелі түрде жүргізіп келеді. Оның айтуынша, қиындықтар бар болғанымен, олар кәсіптің дамуына айтарлықтай кедергі келтіріп отырған жоқ.

Құс шаруашылығы тұрақты күтім мен қомақты шығынды талап етеді. Мәселен, ай сайын тек құстың жеміне шамамен 1,5 миллион теңге жұмсалады. Бұған қоса вакцина, дәрі-дәрмек, күтім және басқа да өндірістік шығындар бар. Сондықтан бұл саланың табысы бірден байқалмайды. Айбар кәсіптің нақты

табыстылығын бағалауға әлі ерте екенін айтады. Оның пікірінше, кез келген істің нәтижесі уақыт пен үздіксіз еңбектің арқасында көрінеді. Кәсіпкер бүгінде ешқандай мемлекеттік қолдаусыз, өз күштерімен еңбек етіп келеді. Дегенмен болашаққа деген жоспары айқын.

Ферма ауқымы кеңейген кезде шамамен он адамды тұрақты жұмыспен қамтуды көздеп отыр. Бұл ауылдағы жұмыссыздықты азайтып, жергілікті экономиканың дамуына да өз үлесін қоспақ. Құс денсаулығына ерекше көңіл бөлінеді. Арнайы құрама жем пайдаланылады, уақытылы вакцина салынып, қажетті ветеринариялық препараттар беріледі. Сонымен қатар шаруашылықта тәжірибелі ветеринар дәрігер тұрақты қызмет көрсетеді.

Айбар Байтеміровтің кәсіпкерлік жолындағы басты ұстанымы – ізденіс пен табандылық. Қандай кәсіп бастасаң да, ең алдымен сол саланы терең зерттеу қажет дейді ол. Ал сәтсіздікке ұшыраған жағдайда мойымай, қайта тұрып алға ұмтылу – нағыз кәсіпкердің қасиеті. «Қандай кәсіп болса да, тәуекел етуден қорықпаңыз. Құлаған жағдайда қайта тұрып, ешқашан тоқтамаңыз. Сонда ғана еңбектің жемісін көресіз», – дейді жас кәсіпкер.

Айбар Байтеміровтің бүгінгі еңбегі – болашақтағы үлкен өндірістің бастамасы. Ең бастысы, ол ауылда отырып-ақ еңбекпен табысқа жетуге болатынын өз ісімен дәлелдеп келеді.

Үміт ҚАЗДАЕВА.

Құрметті отандастар, ардақты ағайын!

«АТАМНЫЗ АМАНАТУ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ – ЕЛІМІЗДЕГІ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҰЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ХАБАР-ОШАРСЫЗ КЕТКЕНДЕРДІ ІЗДЕУМЕН ЖӘНЕ АРХИВТІК, ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРМЕН АЙНАЛЫСАТЫН БІРДЕН-БІР ҰЙЫМ. БІЗ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ЖОҒАЛЫП КЕТКЕНДЕРДІ ІЗДЕУ, ЖАУЫНГЕРЛІК ЖОЛДЫ АНЫҚТАУ БОЙЫНША ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ҚАБЫЛДАЙМЫЗ.

Соңғы уақыт ішінде бізге 12 мыңнан астам өтініш келіп түсті, оның ішінде 4500-ден астамы орындалды. Ай сайын орта есеппен 50-ге жуық өтінішті қарастырамыз.

Егер сіз де соғыс жылдарында жоғалып кеткен туыстарыңызды іздесеңіз, төменде көрсетілген байланыс нөмірлері немесе арнайы құрылған сайт сілтемесі арқылы өтініш бере аласыз. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде парақшаларымыз бар – онда біз ұйымымыздың қызметі мен барлық іс-шараларымызды жариялап отырамыз. Жаңалықтардан хабардар болу үшін жазылуларыңызға болады. Барлық парақша сілтемелері төменде көрсетілген.

Біздің ұйым ақысыз жұмыс істейді. Сіздердің батыр аталарыңыз бен ағаларыңыздың ерлігі ескерусіз қалмауы үшін, бейбіт өмір сыйлаған боздақтарды табу жолында қолдан келгеннің бәрін жасаймыз!

Өтініш қабылдаушылар:

Марфуза Сулейменова, +7-776-828-45-34 ватсап;

Сағымбаева Алия Нурпаевна 8-701-999-78-20, ватсап;

Жұмыс тел: 8-776-828-45-34.

Өтінішті осы жерде беріңіз -->

- өтінішті ата-аманаты.kz сайтында қалдыра аласыз: <https://clck.su/UiUwd>

- Фейсбук <https://www.facebook.com/groups/atamnyn.amanaty/> сілтемесі арқылы қосылаңыз;

- Біздің <https://www.instagram.com/ata.amanaty/?hl=ru> инстаграм парақшамызға жазылаңыз.



■ ДЕНСАУЛЫҚ

КӨКЖӨТЕЛДІҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

КӨКЖӨТЕЛ – ТЫНЫС АЛУ ЖОЛДАРЫН ЗАҚЫМДАЙТЫН, АУА-ТАМШЫ ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ ТАРАЛАТЫН ЖЕДЕЛ БАКТЕРИЯЛЫҚ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ. МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР КӨКЖӨТЕЛГЕ ШАЛДЫҒУ ҚАУІП ЖОҒАРЫ ТОПҚА ЖАТАДЫ.

Көкжөтелдің инкубациялық кезеңі орта есеппен 5-8 күнге созылады. Аурудың ағымы үш кезеңнен тұрады.

Катаральды кезеңде құрғақ жөтел, тұмау белгілері байқалуы мүмкін. Дене қызуы қалыпты немесе аздап жоғары болады. Құрғақ жөтел ем жүргізілгеніне қарамастан біртіндеп күшейіп, кейін жөтел ұстамаларына ұласады.

Спазмалық кезеңде жөтел ұстамалары жиілеп, жөтелген кезде ысқырықты дыбыс пайда болады. Қатты жөтел құсуға дейін жеткізуі мүмкін. Ұстама кезінде науқастың беті көтеріп, мойын тамырлары ісініп, көз қантайлады. Кей жағдайда еріксіз нәсел бөлінуі де кездеседі. Бұл кезең 2-4 аптаға созылуы мүмкін.

Сауығу кезеңінде жөтел біртіндеп бәсеңдеп, ұстамалар сирейді. Дегенмен жөтел біраз уақыт сақталуы мүмкін.

Аурудың жалпы ұзақтығы шамамен 6 аптаға созылады, кей жағдайда одан да ұзақ болуы мүмкін. Емдеу дәрігердің бақылауымен жүргізіледі және аурудың белгілеріне қарай тағайындалады. Көкжөтелдің алғашқы белгілері байқалған жағдайда дереу дәрігерге жүгініп, медициналық кеңес алу қажет. Өз бетінше ем қабылдау аурудың асқынуына әкелуі мүмкін. Балаларда кездесетін жиі асқынулардың бірі – пневмония.

Көкжөтел – вакцинация арқылы алдын алуға болатын ауру. Бүгінгі таңда аурудың

алдын алудың ең тиімді жолы – Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес иммунитет.

Көкжөтелге қарсы вакцинация балаларға жоспарлы түрде Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес 2, 3, 4 және 18 айлық кезеңдерде жүргізіледі.

Вакцинация баланың денсаулық жағдайы ескеріліп, дәрігердің тексеруінен кейін жүргізіледі. Сондықтан ата-аналар балала-

рының вакцинациясын уақытылы алып, олардың денсаулығын қорғауға жауапкершілікпен қарауы маңызды.

Айзат МҰХАМБЕТОВА,

Бейнеу көпбейінді орталық аудандық ауруханасы Боранқұл филиалының педиатр дәрігері.



■ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ



ӨЗІМДІ ҚАЙРАУ

Білесің бе, жазу басқа, жыр басқа?
Сезім деген серпіліп бір тұрмас па?!
Ақын болып, әуреленіп қайтесің,
Жетпей ме, тілшілігің бір басқа?!

Келісіп те тұрған жоқ-ау ұйкасын,
Шығарыпсың сөздің қиқа-жикасын.
Таба алмаған секілдісің өнерде,
Ем болатын «ауруыңның» шипасын.

Өлең деген мықтылардың майданы,
Құдай қайтіп, бұған сені айдады?!..
Ақын болып жүргеніңше адасып,
Сенің-дағы тілшілігің пайдалы.

Өлең деген асыл сөздің қаймағы,
Ал сенікі қайдағы мен жайдағы.
Өлең деген тыңдағанды серпілтіп,
Ел-жұртына болу керек пайдалы.

Ақын деген бұл құрметті сый есім..
Жаза алмасаң, неге өлеңге тиесің?..
Әлі білмей жүрсің бе, – Сен, шырағым
Өлең-жырдың бар екенін киесін?!

ЖҮРЕГІМ ЖЫР ТОЛҒАЙДЫ

Түнімен ұйқы бермей, шыркымды алып,
Кеудемнің жыр пердесі жыртылды анық..
Көп ойлар мазалаған әлгі сәтте
Ығысып жүре берді, сыртымды алып.

Өтіп жатқан күндерім құрақтайын,
Бір қысымға келемін шыдап дәйім..
Өмірімнің жолдарын жырлап бүгін,
Намысымның туын мен құлатпайын..

Жырымның жалғасын айтам әлі,
Бұл менің жүрегімнің байтақ әні.
Өлеңді жазғанымда шабыттанып,
Сонда ғана көңілім жай табады.

Бұл менің жүрегімнің байтақ әні,
Демездер, бір сөзді қайталады.
Шабытым келген кезде менің үшін
Өлеңнің бәрі бірдей қай тарабы.

Жансырымның несін жасырамын?
Өлең деген өмірге ғашық әнім.
Жарасын жүрегімнің жырмен емдеп,
Алысқа арманымды асырамын.

Бір самал маңдайымнан есіп келіп,
Шабытсыз ақын жаны нешік делік?!
Жүрегім кеудемдегі жыр толғайды,
Көңілімнің айдынында кешіп келіп.

Таудан аққан бір ағын құламалы,
Құйылад(ы), құлағыма бұлақ әні..
Бір өлең таңғы шықтай мөлдіреген,
Жанымның жапырағына тұна қалды.

Тамшысы таңдайыма татып әлгі,
Рауандап таңымды атырады.
Ерекше сезіледі жандүниемнің,
Өнге бөгіп жатқандай атырабы.

Өнермен жолдас болдым көптен бері,
Кеудемді керіп барад өктем демі.
Бір өлең жүрегімде бүршік жарған
Жайнаған жауқазындай көктемдегі.

Кей кезде жыр айдынын ерек кешем,
Таңғалма! Өлең құйылып келед десем.
Өлеңнің ұшқынынан күздемдегі,
От өріп, берем саған керек десем!

Көңіл шіркін, сәл заттан қайғы алады,
Деп бізге «бақыт» деген қайдағы әлгі?!
Бір кезде жұлдыз сүйіп маңдайынан,
Өлеңімнің айдарын ай тарады.

КҮЗ КЕЛГЕНДЕ...

Мен жылдың мезгілінен із кесемін,
Нең бар дейсің бе, күзде сенің?...
Неге елең атпейді «Күз!» десе, кім?!
Күз десе,
Менің де бар, ізгі есебім!...

Мен күзге жеткенімше асығамын,
Сенен оның несін мен, жасырамын?!..
Сен көрсен сонда қайран қалып,
Пай, пай!..
Көлдей боп, көңілімнің тасығанын!..

Алғың бар ма дейсің бе, Күзде сенің?
Осы күзде бір күнмен жүздесемін!..
Осы күнсіз көңілім көншімейді –
Осы күнсіз..
Не керегің бар – дейді, бізге сенің?!

Ескермеймін, мезгілдің басқаларын.

ЖЫРМЕН ЖЕТКЕН СЫР

АРДАҒЕР ТІЛШІ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ,
БЕЙНЕУ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ КӘРІСБАЙ ӘДІЛДІҢ
ҚАЛАМЫНАН ТУҒАН ӨЛЕНДЕР ТОПТАМАСЫН НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА
ҰСЫНАМЫЗ. ҚАЛАМГЕРДІҢ ЖҮРЕК ТОЛҒАНЫСЫ МЕН ӨМІРДЕН
ТҮЙГЕН ОЙЛАРЫ ЖЫР ЖОЛДАРЫНДА ӨРНЕК ТАПҚАН.

Күздің ғана бағамын қас-қабағын!..
Шамамның келгенінше осы күнді
Білесің бе?
Мен елеусіз тастамадым.

Осы күнді елеусіз тастамадым,
Өмірдің шырқап жүріп дастан-әнін.
Жарық дүние бақыттың баспалдағын,
Мен!..
Осы күннен бастағанмын.

Осы күні өмірге қайта келем,
Менің үшін бұ да бір байтақ әлем!..
«Туған күнім жиырмасыншы қараша!»
деп,
Жар салып!..
Күз келсе, айта берем!...

Осылай көңіл-күйін шертесің де,
Бір жасқа қартаясың-ертесіне..
Дүрмегіне ілесіп дүниенің,
Тәуекел! – деп,
Жетпістің міндім, міне, желкесіне!

Өмір – күрес, қашан да бастапқы ұғым,
Қиындықсыз бұл жолды бастапты кім?!
Жетпіске өмірімнің көшін бұрдым,
Неде болса..
«Бір Алла!»деп, бастап бүгін.

Күз келсе, құшағымды жаямын кеп,
Айта берсек, күндердің баяны көп.
Ауырамыз «қолым, аяғым!» деп....
Бірақ та..
Көңіл шіркін, баяғы тек!..

АРМАҢ

Уақытқа ренжіп, амалсыз тіл қаттым,
Өткен күндерім мен үшін қымбат тым..
Жазғанмен жыр ғып, паракқа төгілтіп-
Келмейді тыңдатқым!

Демеймін өнерден ешқандай кендемін,
Жетпесе де алысқа шарықтап мендегі
үң!
Жанымның жарасын сыздаған
Жырыммен емдедім!.

Қиналсам жас емес, шым-шымдап қан
шығад,
Сол үшін жүрмін мен намысты
камшылап.
Жанымның жапырағына кеп тұнған
Жырларым тамшылап.

Қиялым жарысып, самалмен қырда
ескен,
Көмейден төгіле береді, жыр-дестем.
Жеткізбейді(і) арманның асуы-
Айменен тілдескен..

Мөп-мөлдір таңғы шық, дәмінен талма-
дым,
Мәңгілік емес өмірдің білсем де
жалғанын.
Кеудемнен жыр болып құйылған
Асыл арғаным!

Ақиқат – ол сенімім, өз ойым, талғамым,
Талпынып, талап қып, қатардан
қалмадым!
Жолымнан тайдырмай,
Алдағы арғаным.

Өмірдің өзінен там-тұмдап, сыр тарт-
тым,
Шындықты шырылдап, шырқап мың!..
Тайғанақ тағдырды еркіне жіберіп
Келмейді бұлтартқым!

Тағдырын тайдырып, талқыға салғанда,
Өмірде пенделер қапысыз қалған ба?!..
Жабырқап, жазықсыз жанарға
Жас тұнып қалғанда.

Сұм ажал салған күн қапыда қармағын,
Талайлар өкінген, тістеумен бармағын!..
Ақ таңды атырған адамда
Армансыз бар ма, күн?!..

Көңілімде көлбеңдеп тұрады арман,
Өлең боп, актарылып бұлақ-арнам.
Бір қарасам, көлеңкем секілденіп,
Көп ойлар көлденеңдеп тұра қалған.

Кейде ойымды басқа бір жакқа бұрып,
Кеудемнен жатады өлең актарылып.
Арманыммен ілесіп айға барам,
Жүрегім жарылардай шаққа тұрып!

Болған соң «өлең» деген ұлы атағы,
Жанымды ырғағымен жұбатады.
Сол кезде тамаша бір күй кешемін,
Арманымның атқандай-ақ құба таңы.

Өлең-жыр жүрегімді тербетеді,
Желпілдеп көңілімнің желге етегі.
Төбем көкке жеткендей болад сонда
Мейлі сен, мейлі сенбе-тегі!..

БҮЛ – МАҢҒЫСТАУ!

Арқар жонды ала қыр,
Жан-жағыңа қара бір!
Боз інгендей боздаған,
Шері-шемен, дала дүр
Беу, Маңғыстау!

Сағым кезген даласын,
Бұрқеп қалған даласын,
«Айырам» деп көз әлек,
Ара-жігін, арасын
Бұл – Маңғыстау!

Құлан иек, құба дөң,
Тұғырлы бір тұрақ ең,
Тамсандырған талайды,
Таңғажайып бір әлем
Бұл – Маңғыстау!

Бақ қонған жер басына,
Айтты деме, асыра,
Бабаларым тарихын
Жазып кеткен тасына
Бұл – Маңғыстау!

Жүрсен тарих ізімен,
Тау мен тасын мүжіген,
Құлан жеріп қағынан,
Арқар ауған түзінен
Беу – Маңғыстау!

Көк тіреген көксеңгір,
Көп «төбелер» көксеріп жүр,
Жансырынды жасырмай,
Кәне, бізге төксең бір,
Ей, Маңғыстау!

Шерқаласы шіренген,
Мақтан қылып жүрем мен!
Қайтпас, қайсар халқы бар,
Аңыз аршып, жыр емген
Бұл – Маңғыстау!

Өрнектеген түздерін,
Уақыт салып іздерін.
Тарихыңды мен сенің
Ғасырлардан іздедім,
Ей, Маңғыстау!

Каспий анау айдыны,
Асып тұрған айбыны,
Пейілі осы теңіздей,
Келсеңіз де қай күні
Бұл – Маңғыстау!

Шыңырау айтар шындығын,
Өткендерін мұңды күн..
Десе егер, таңқалма,
Құдығыммен құндымын
Бұл – Маңғыстау!

Қазынасы халқының,
Пайымдасаң, парқы мың,
Саркымайтын сағасы,
Сапырған «қара алтынын»
Бұл – Маңғыстау!

Қазыналы қайраңы,
Қызу еңбек майданы,
Аты әлемге әйгілі,
Ақтау – Құрық айлағы
Бұл – Маңғыстау!

Дауылпазындай даланың,
Шаңдатып өткен шаңағын,
Ақын-жырау, күйшісің,
Қалай айтпай қаламын?..
Бұл – Маңғыстау!

Мақтансам бір сәт нетеді?!
Батырды айтсам, жетеді!..
Аруағы қойдай күніренген,
Әулие-пірдің мекені
Бұл – Маңғыстау!..

ӨМІРІМНІҢ ІЗДЕРІ

Сезімім бұл жырларымның тізбегі,
Көңіл-күйдің пернесі ғой біздегі.
Өлеңімнің іріксі-тіркіс жолындары
Өмірімнің сайрап жатқан іздері.

«Ойқы-шойқы екен» деп те түңілмен,
Сабақтасып жатыр бәрі бүгінмен.
Хақтан тілеп, ақтан ішкен пендемін,
Жалбарынып Жаратқанға жүгінген.

Таға алмаймын жазға кінә, күзге мін,
Арғанымды атқан таңнан іздедім.
Өмірімде ауысса да күн, мезгіл,
Үмітімді ешқашанда үзбедім.

Көктем менің тамаша бір кездерім,
Бірақ оның тез өтімін сезбедім.
Жоғалтастан өтеріміз ертеңге,
Келер қыстан жылылықты іздедім.

■ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ



БҮГІНГІ ЗАМАННЫҢ ЕҢ БАСТЫ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ БІРІ – ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ
АДАМ ӨМІРІНЕ БҰРЫН-СОНДЫ
БОЛМАҒАН ЖЫЛДАМДЫҚПЕН ЕНУІ.
СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ (ЖИ)
ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫНА ӨСЕР ЕТІП,
КҮНДЕЛІКТІ ТҰРМЫСЫМЫЗДАН БАСТАП
БІЛІМГЕ, МЕДИЦИНАҒА, БИЗНЕСКЕ,
ӨНЕРКӘСІПКЕ ДЕЙІН ЖАҢА
МҮМКІНДІКТЕРДІҢ ЕСІГІН АШЫП ОТЫР.

Ең маңыздысы – ЖИ адамның орнын толық басатын
құрал ретінде емес, адамның мүмкіндігін кеңейтетін
көмекші ретінде қарастырылуы керек. Адам өміріндегі ең
қымбат ресурс – уақыт. Жасанды интеллект осы ресурсты
тиімді пайдалануға көмектеседі. Күнделікті қайталанатын
жұмыстарды автоматтандыру арқылы адам күрделі әрі
шығармашылық міндеттерге көбірек көңіл бөле алады.

Мәселен, кәсіпкер нарықты талдау кезінде үлкен көлемдегі
ақпаратты ЖИ көмегімен саралай алады. Мұғалім сабақ жос-
парын әзірлеуде, оқушы қосымша білім алуда, журналист
ақпаратты жүйелеуде, маман құжаттармен жұмыс істеуде
жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалана алады.

Қазақстанда да бұл бағытқа ерекше мән беріліп отыр. 2026
жылы елде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы»
аясында бірқатар маңызды бастама жүзеге асуда. «AI-Sana»
бағдарламасы бойынша бір миллионға жуық азаматтың жа-
санды интеллект дағдыларын меңгеруі – қоғамның жаңа
технологияларға бейімделіп келе жатқанының айқын
көрінісі. Жасанды интеллектінің ең үлкен әлеуеті бар
салалардың бі-рі – білім беру. Әр баланың білімді қабылдау
жылдамдығы әртүрлі. Бір оқушыға белгілі бір тақырыпты
түсіну үшін бірнеше түсіндіру қажет болса, екіншісі оны
бірден меңгеруі мүмкін. ЖИ осы ерекшелікті ескеріп,
оқушыға жеке оқу бағытын ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті
енгізуге бағытталған 2026-2029 жылдарға арналған кешенді
жоспар қарастырылған. Оның ішінде дербес оқыту, цифрлық
инфрақұрылымды дамыту, педагогтерді даярлау және
оқушылардың дербес деректерін қорғау мәселелері
қамтылған. Демек, болашақ мектебінде технология мұғалімді
алмастырмайды. Керісінше, ұстаздың жұмысын жеңілдетіп,
оқушыға жеке көңіл бөлуге мүмкіндік беретін қосымша
құралға айналды.

Жасанды интеллект кәсіпкерлік пен өндірісте де үлкен
өзгерістер әкелуде. Ол өндіріс процесін оптимизациядауға,
шығынды азайтуға, сұранысты болжауға, ақауларды
анықтауға, клиенттерге қызмет көрсетуді жақсартуға
мүмкіндік береді.

Бұл – ЖИ-дің жай ғана заманауи технология емес,
экономикалық өсудің нақты құралына айналып келе
жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш. Жасанды
интеллектті тек үлкен компаниялар мен IT мамандары ғана
пайдаланады деген түсінік қазір ескірді.

Бүгінде адам ЖИ көмегімен күнделікті жұмысының өзін
жеңілдеті алады. Мысалы, қажетті ақпаратты іздеу, мәтін
дайындау, тіл үйрену, жоспар құру, идея жинақтау,
құжаттарды реттеу сияқты көптеген міндеттерді орындауға
болады.

Қазақстандағы тұтынушылар арасында да ЖИ-ге
қызығушылық артып келеді. Дегенмен жасанды интеллекттің
мүмкіндігі артқан сайын оған деген жауапкершілік те күшеюі
тиіс. ЖИ берген кез келген ақпаратты ойланбастан дұрыс
деп қабылдау қауіпті. Себебі жасанды интеллект қателесуі
немесе дұрыс емес ақпарат ұсынуы мүмкін. Сондықтан адам
ең маңызды қабілетін – ойлау, салыстыру, тексеру және өз
шешімін қабылдау қабілетін жоғалтпауы керек. Сонымен
бірге жеке мәліметтерді қорғау, жалған ақпаратпен күресу,
авторлық құқықты сақтау, дипфейк пен алаяқтықтан сақтану
мәселелері де маңызды. Қазақстанда жасанды интеллектті
қолдануға қатысты арнайы құқықтық негіз қалыптасып
келеді. Яғни технология қаншалықты ақылды болғанымен,
оны қалай және қандай мақсатта қолдану – адамның
жауапкершілігі.

Жасанды интеллект – алыстағы болашақтың технология-
сы емес. Ол бүгін біздің өмірімізге еніп үлгерді. Ендігі мәселе – одан қорқу емес, оны
сауатты меңгеру.

Болашақта жасанды интеллектті білетін және оны өз кәсібінде тиімді пайдалана
алатын мамандардың мүмкіндігі арта түсетіні анық. Сондықтан жастардың цифрлық
сауаттылығын көтеру, жаңа технологияларды үйрену, шығармашылық пен сыни ой-
лау қабілетін дамыту – уақыт талабы.

Меніңше, жасанды интеллект адамды жалқаулыққа емес, керісінше, ізденіске
жетелеуі керек. Дайын жауапты көшіріп алу – технологияны пайдаланудың ең
қарапайым жолы. Ал ЖИ-ді өз ойыңды дамытуға, жаңа нәрсе үйренуге, тың идея
жасауға пайдалану – оның шынайы мүмкіндігін ашу.

Жасанды интеллект – адамның ақылын алмастыратын емес, оның мүмкіндігін арт-
тыратын күш. Оны дұрыс пайдалана білген қоғам уақыт көшінен қалмайды. Ал тех-
нологияны игерген, бірақ адамдық құндылықтарын жоғалтпаған ұрпақ қана
болашақтың биік белестерін бағындыра алады.

Ұлболсын ЖАҢЫРБАЕВА,

Ж.Қалдығараев атындағы мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ДӘУІРІ

МЕРЕЙ

ЕЛ ШЕБІН КҮЗЕТКЕН
ЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

18 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКАРА-ШЫЛАР КҮНІ. БҰЛ – ЕЛ ТЫ-НЫШТЫҒЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН КҮЗЕТП, МЕМЛЕКЕТТІК ШЕКАРАМЫЗДЫҢ БЕРІКТІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТП ЖҮРГЕН ШЕКАРА САҚШЫЛАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛЕТІН ЕРЕКШЕ КҮН. ОТАН ШЕБІН КҮЗЕТУ – ҮЛКЕН ЖАУАПКЕР-ШІЛІК ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕТІН ҚАСИЕТТІ МІНДЕТ.

Осы айтулы күнге орай Бейнеу ауданына қарасты Тәжен ауылында Шекарашылар күніне арналған мерекелік кеш және «Бейнеу маржандары» гастрольдік сапарының гала-концерті ұйымдастырылды.

Мерекелік шараның басты мақсаты – Отан қорғаушыларға құрмет көрсету, елжандылықты дәріптеу, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру және өскелең ұрпақтың бойына патриоттық рух қалыптастыру.

Кеш барысында мемлекеттік шекараны күзетудің маңызы, шекара қызметінің ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапты міндеті туралы айтылып, Отан тыныштығын күзеткен азаматтарға жүрекжарды ізгі

тілектер білдірілді. Ел қорғаған ерлердің еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі, ал олардың Отан алдындағы адалдығы – зор құрметке лайық.

Мерекелік концертте ауданның мәдениет өнерпаздары мен талантты жастары сахна төрінде өнер көрсетіп, патриоттық әндер шырқады. Әсем әуендер мен мазмұнды шығармалар көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Кеш барысында Тәжен ауылының жас әншісі Гауһар Берікбайқызы жанды дауыста патриоттық ән орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Өрбір өнер нөмірі ел қорғаған ерлерге деген алғыс пен құрметті жеткізді.

Мерекелік кеш ауыл тұрғындарына ерекше әсер сыйлап, ел бірлігін, туған жерге деген сүйіспеншілік пен Отанға деген құрметті айшықтай түсті. Шекарашыларға арналған тағылымды шара Отанды сүю, ел тыныштығын сақтау және туған жерді қорғау – әр азаматтың қасиетті борышы екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Осындай тағылымды шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүрген ауылымыздың мәдениет меңгерушісі Нұрболат Сырлыбайұлына, сондай-ақ аудан орталығынан арнайы ат тартып келген өнерпаздарға ауыл тұрғындарының атынан шынайы алғыс-сыймды білдіреміз.

Ушыға ИЛИЯСОВА,
Тәжен ауылдық кітапханашысы.

МАМАН КЕҢЕСІ

ӨРТ – АДАМ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ. СОНДЫҚТАН ӨРТ ШЫҚҚАН КЕЗДЕ АБДЫРАП ҚАЛМАЙ, ДҰРЫС ӘРІ ЖЫЛДАМ ӘРЕКЕТ ЕТУ МАҢЫЗДЫ. ЕҢ БАСТЫСЫ – ӨЗ ҚАУІПСІЗ-ДІГІҢІЗДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП, АДАМДАРДЫ ҚАУІПСІЗ ЖЕРГЕ ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ӨРТ ТУРАЛЫ ДЕРЕУ 101 НӨМІРІНЕ ХАБАРЛАУ.

ҚАУІПСІЗДІК –
БАСТЫ МАҚСАТ



Егер өрт қатты өршіп тұрса, оны өз бетіңізше сөндіруге тырыспай, ғимараттан тез арада шығыңыз. Өрт үлкен болмаса да, бөлме іші қою түтінге толса, қауіпсіз жерге шығу қажет. Себебі түтіннің өзі адам өміріне аса қауіпті.

Түтіннің немесе күйік иісін сезсеңіз, дереу қауіпсіз шығу жолын пайдаланып, ғимараттан шығыңыз. Түтін басқан жерде мүмкіндігінше төмен еңкейіп немесе еңбектеп қозғалған дұрыс, өйткені улы түтін мен ыстық ауа жоғары қарай көтеріледі.

Мұрын мен ауызды дымқыл шүберекпен жабу түтінді аз мөлшерде сүзуге көмектесуі мүмкін, алайда бұл толық қорғаныс құралы емес. Сондықтан ең дұрыс шешім – түтін басқан жерден мүмкіндігінше тез шығу.

Егер өрт шағын бөлмеде немесе жабық жерде болса, терезе мен есікті қажетсіз ашпаңыз. Отқа ауа барған жағдайда жалын күшейіп кетуі мүмкін.

Дегенмен ғимараттан шығу үшін есік ашу қажет болса, алдымен оның тұтқасын абайлап тексеріңіз. Есік ыстық болса, оны ашпаған жөн.

Жанып жатқан ғимараттан лифтпен түсуге болмайды. Өрт кезінде электр қуаты сөніп, лифт қабаттар арасында тұрып қалуы немесе өрт шыққан қабатта есігі ашылуы мүмкін. Сондықтан баспалдақты пайдалану қажет.

Егер шығатын жол түтінге немесе жалынға байланысты жабық болса, қауіпсіз бөлмеге кіріп, есікті мықтап жабыңыз. Есіктің саңылауларын дымқыл шүберекпен бітеп, терезеден немесе балконнан құтқарушыларға белгі беріп, көмек шақырыңыз. Өз бетіңізше терезеден секіруге болмайды.

Өрт кезінде адамды құтқару қажет болса, алдымен өз қауіпсіздігіңізді ойланаңыз. Арнайы дайындықсыз қатты түтін басқан немесе жалын шарпыған жерге кіріп, өз өміріңізге қауіп

төндірмеңіз. Құтқару жұмыстарын мүмкіндігінше өрт сөндірушілер мен құтқарушыларға қалдырған дұрыс.

Түтінге уланған адамды таза ауаға шығарып, дереу 103 нөміріне жедел медициналық көмек шақырыңыз. Егер адам ес-түссіз немесе қалыпты тыныс алмай жатса, алғашқы көмек көрсету тәртібін білетін адам жүрек-өкпе реанимациясын бастауы қажет.

Түтіннен уланудың негізгі белгілеріне бас айналу, бас ауруы, жүрек айнуы, тыныс алудың қиындауы, сананың шатасуы және есінен тану жатады.

Өрт кезіндегі ең басты қағида – үрейге берілмей, қауіпсіздік талаптарын сақтау және уақыт жоғалтпай көмек шақыру. Өрттің алдын алу – әр азаматтың ортақ міндеті.

Серік ТЕНІЗБАЕВ,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Meerbusch» ЖШС келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды: 2027 жылға арналған «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; 2027 жылға арналған «Нормативті рұқсат етілген төгінділер» «НРТ» жобасы; 2027 жылға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», 2027 жылға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары», «Құлжан кен орнының газ жинау және тасымалдау жүйесі. Кеңейту» жобасына ҚОҚБ.

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46° 00' 29", 54° 14' 13".

Тыңдаулар 2026 жылғы 30 қыркүйек сағат 10:00-де өтеді.

Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, с. Боранқұл, Мәдениет үйі.

Платформа ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/81811449595?pwd=bQQseKV2X7lMhPFkXD5lIteVOnG3t6.1>

Конференция идентификаторы: 818 1144 9595

Кіру коды: 859649

Тұтынушы: «Meerbusch» ЖШС, Ақтау қаласы, 17-шағын аудан, 39-ғимарат, тел:8(7292)202021. БСН: 010840000624;

Жобаны әзірлеуші: «Construction NS» ЖШС, Ақтау қ., 17-20, 21-кеңсе, тел: 87014848005. БСН: 010740010777

Құжаттама <https://ndbecology.gov.kz> порталында және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурста

Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: eco-rk@mail.ru, 87014848005

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz>, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Meerbusch» сообщает о проведении общественных слушаний по проектам: Проект «Нормативов допустимых выбросов» НДВ на 2027 год; Проект «Нормативов допустимых сбросов» НДС на 2027 год; “Программа управления отходами на 2027г.”, «Программа производственного экологического контроля на 2027 г.», «План природоохранных мероприятий», РООС: «Система сбора и транспорта газа месторождения Кульжан. Расширение».

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 46° 00' 29", 54° 14' 13".

Слушания состоятся: 30 сентября 2026 года в 10:00 часов

Место проведения: Мангистауская область, Бейнеуский р-н, с. Боранкул, Дом культуры.

Платформа ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/81811449595?pwd=bQQseKV2X7lMhPFkXD5lIteVOnG3t6.1>

Идентификатор конференции: 818 1144 9595

Код доступа: 859649

Заказчик: ТОО «Meerbusch», г. Ақтау, 17 мкр., зд. 39, тел: 8(7292)202021. БИН: 010840000624

Разработчик: ТОО «Construction NS», г. Ақтау, 17-20, офис 21, тел: 87014848005. БИН: 010740010777

Документация размещена на портале <https://ndbecology.gov.kz>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>

Адрес электронной почты по которой можно запросить материалы: eco-rk@mail.ru, 87014848005.

Замечания и предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz>, и электр. адрес МИО s.bazarbay@mangystau.gov.kz

№358

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП



БЕЙНЕУ СТАНСАСЫНДАҒЫ КӨЛІКТЕГІ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМШЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ АУМАҒЫНДА «КӨЛІКТЕГІ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ» ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТКІЗІЛДІ.

ҚАУІПСІЗДІККЕ
бағытталған шара

орындау, сондай-ақ құқық бұзушылыққа жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар азаматтарға теміржол жолдарын белгіленбеген жерлерден кесіп өтпеу, пойыз қозғалысы кезінде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігі ескертілді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу – баршаға ортақ міндет. Қауіпсіздік талаптарын сақтап, қоғамдық тәртіпті бірге қамтамасыз етейік!

Насыр ДЕРБИСАЛИЕВ,
Бейнеу стансасындағы Көліктегі полиция бөлімшесінің бастығы.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАҢУ

«Самал-5» ЖШС директоры Фариза Тітірбаеваның атына мекенжайы Бейнеу ауданы Қосай ата 38 Б көшесіндегі «Жібек жолы» қонақүйі (атауы) кәсіпкерлік нысан үшін берілген 2016 жылы шыққан «Ока MD KZ» маркалы №30490, «Ока MD KZ» маркалы №30582 кассалық аппараттардың жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№351

Құрметті оқырмандар!

«Маңғыстау-Медиа» ЖШС басылымдарына жарнама, хабарландыру беру немесе ақпарат алу үшін мына байланыс телефондарына қоңырау шалсаңыз болады

8778-145-9093,
8 (7292) 204842, 8(7292)204834.
lau.media@yandex.ru

Меншік иесі:



МАҢҒЫСТАУ
MEDIA ЖШС

Директордың м.а.
Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



РАУАН

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 жылы есепке қойылып, №13363-Г куәлігі берілген.

Редактордың м.у.а. – Үміт ҚАЗДАЕВА.

Тілші: Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді

Беттеуші дизайнер – Э.Сейдахметова.

«ӨНЕРІМ» ЖШС баспаханасында басылды.

Ақтау қаласы, 22-шағын аудан, 38/3. Телефон: +7 777 012 22 38.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.

Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.

Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.

Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Таралымы: 2364. Индекс: 65690. Тапсырыс: 179 Газет бағасы келісімді.

АУАРАЙЫБОЛЖАМЫ

25 ТАМЫЗ
түнде: +24 күндіз: +36

26 ТАМЫЗ
түнде: +26 күндіз: +35

27 ТАМЫЗ
түнде: +24 күндіз: +36

28 ТАМЫЗ
түнде: +25 күндіз: +33

29 ТАМЫЗ
түнде: +19 күндіз: +27

Редакцияның мекен-жайы: 130100, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауылы, Д.Тәжиев көшесі, №10/1 үйі («Акиматсервис») мемлекеттік мекемесінің ғимараты) Тел. факс: 872932 (2-11-57) e-mail: rauan_r@inbox.ru

